

## ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ТУРИСТІК КЛАСТЕРДІ ДАМУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Назарқызы А.

*Необходимость развития туристического кластера в городе Жанаозен. Развитие регионального туристического кластера способствует повышению благосостояния граждан, а также воздействует социально-экономическому развитию страны в целом.*

*Necessity of formation tourist cluster in the Zhanaozen city. Developments of tourist cluster promotes well-being of the population, as a whole influences social and economic development of region.*

Әлемдік қауымдастықтың ғаламдану жағдайында елдің жоғары бәсекеге қабілеттілігін жекелеген фирмалар (мейлі үлкен және технологиялық дамыған болсын) емес, кластердің бір біріне тығыз экономикалық қарым қатынастағы шаруашылық субъектілері қамтамасыз етеді.

Бұл орайда, Маңғыстау облысында «Жер-Теңіз-Аспан» ықпалдасқан-инвестициялық мега-жобаны іске асыру жұмысы жалғасуда. Әлемдік қаржы және экономикалық дағдарыс салдарының инвесторлардың қызметі мен өңір экономикасына келеңсіз әсері жағдайында «Жер-Теңіз-Аспан» жобаларының бірде-біреуі тоқтаған жоқ. Жобаның аясында Жаңаөзен қаласының дамуына ықпал ететін бағыттар іске асырылуда. Маңғыстау облысының туристік саласын дамыту жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасының аясында Жанаөзен қаласының жанында орналасқан «Кендірлі» халықаралық курорттың дамытудың стратегиялық басымдылықтары анықталынды [1].

Кластерлік дамудың концепциясын әлем мойындады. Ал дамыған елдердің тәжірибесі экономика дамуына кластердің артықшылығын көрсетуде.

Жаңаөзен қаласының әлеуметтік мәселелерін шешуде, атап айтсақ, жұмыссыздық деңгейін қысқартуда, әлеуметтік және өндірістік (көлік) инфрақұрылымдарын дамытуда туризмнің кластерлік үлгісін құру аса маңызды. «Кендірлі» демалыс аймағы курорттық және көңіл-көтеру туризмінің халықаралық орталығына айналуы қажет. «Кендірлі» курорттық аймағын дамыту, туристік өнімдердің халықаралық рыногында бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының туристік салаларының жүйелі қалыптасқан жобалары болып табылады.

Біздің ойымызша, сонымен қатар өңірде бір жағынан алғанда адам денсаулығына айырықша ықпал етер, екіншіден, танымдық өрісті кеңейтер маңызы бар экотуризмді дамытуды шындап қолға алсақ ұтылмас едік. Үшіншіден, туризм экономикалық тұрғыдан тиімді. Өйткені өңірдің жол инфрақұрылымы жақсарып, басқа салалардың дамуына ықпал тигізеді,

сондай-ақ келуші туристер легі көбейген сайын, жергілікті халық жұмыс қамтылып, сауда айналымы жақсармақ.

Туризм саласындағы кластерлік үлгінің артықшылығы, ол туризмнің дамуына тікелей және жанама әсер ететін экономиканың 32 саласын қарастырады. Елімізде туристік саланы кластерлік үлгімен дамытудың нақты бағдарламаларын жүзеге асыру біршама жағдайларға байланысты (1-кесте)

**Кесте 1 - Туризм саласында кластерді қалыптастыруды ынталандырушы және кедергі келтіретін алғы шарттары [2]**

<b>Кластердің пайда болуын ынталандырушы алғы шарттар</b>	<b>Кедергі келтіруші алғы шарттар</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- өңірде туристік әлеуеттің жоғары болуы;</li> <li>- туристік өнімдерге жоғары сұранымның қалыптасуы;</li> <li>- мемлекет тарапынан туризмді дамыту келешегінің анықталуы;</li> <li>- саланың бәсекеге қабілеттілікке тұрақтылық таныта алуы;</li> <li>- табиғи ресурстар байлығы;</li> <li>- қаржыландыру;</li> <li>- туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша салааралық қызметтер үйлесімінің болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әкімшілік (виза алу процедурасының ұзақтығы, шетел туристерін тіркеу мерзімінің ұзақтығы);</li> <li>- маркетинг («Кендірлі» халықаралық курортының беделін әлемдік рынокқа алға жылжыту шараларының аз көлемде жүргізілуі туристік әлеует жайлы жарнамалық ақпараттардың жетіспеушілігі);</li> <li>- кадрлық ресурстардың аздығы немесе біліктіліктің төмендігі;</li> <li>- рынокты сегменттеу әдістерін жете қолданбау (әлеуетті тұтынушы сұранымын түсінбеу);</li> <li>- туристік ресурстарға кіру мүмкіндігінің болмауы;</li> <li>- туристердің қауіпсіздігі.</li> </ul>

Сондай-ақ өңірдегі туризмді дамытуға кедергі келтіріп, қолбайлау болып отырған төмендегідей факторларды да атап көрсетуге болады:

- ішке кіру, яғни туризмді дамыту жөніндегі атқарылған істердің мардымсыздығы;
- қаражат базасының жеткілікті деңгейде болмауы;
- инфрақұрылымның және туристік қызмет көрсетудің деңгейінің халықаралық стандартқа сай келмеуі;
- аймақтағы туристік және азық-түлік өнімдері бағаларының тым жоғары болуы;
- ел қолданысындағы салық тәртібінің қатаңдығы;
- отандық өнімдерді дүниежүзілік рынокқа шығару үшін маркетингтік стратегияның болмауы және т.б.

Қазақстан Республикасының экономикасында кластерді өңдеу шеңберінде біздің елде туристік кластерді құру мен негізгі сипаттамалары зерттелді (2-кесте).

**Кесте 2 - Туристік саладағы кластерлер**

<b>Облыс</b>	<b>Стратегиялар</b>	<b>Жұмыс тобының келесі қадамдары/ жоспарлары</b>
Кадрлар	Туризм үшін мамандарды дайындаудың жаңа стандарттарын өңдеу	-Басқа елдердің дайындау тәжірибесін зерттеу -Түрік және халықаралық тәжірибе
Инфрақұрылым	1.2-3 жұлдызшалы қонақ үйлер желісін құру 2.Алматы қаласында жаңа конгресс-холдың ашылуы	1.Жаңа қонақүй ашудың өзіндік құнын есептеу 2.Конгресс-холл жөніндегі рынокты зерттеу, олардың сыйымдылығы мен тұтынушылары
Қаржы	Үкіметтің приоритеттік бағдарламасының тізіміне туризмді қосу, 5 жылға 7% үстемемен несие алу	-Казагрофинанстың құрылымын және құрылымының қалыптасу тәртібін білу
Әкімшілік тосқауылдар	1.Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның өзара келісім рұқсатнамасын алу 2.Оңтүстік Шығыс Азия елдері сияқты Қазақстанның да рұқсатнама алуын жасау	Тізімге жаңа елдерді қосу және жеңілдетілген режиммен 28 елдің тізімін кеңейту -Рәсімдеу тәртібін ұсыну - Рәсімдеу құнын ұсыну
Маркетинг	1.Халықаралық туроператорлардың көңілін аудару 2.Қазақстан жайлы жарнама материалдарын өндіру және тарату 3.Қазақстан туралы фильмдер түсіру	1.Келісім-шартқа отыру үшін турагенттіктердің тізімін жасау 2.Материалдарды таратуға болатын өкілдіктер тізімін құру 3.Қазақстандағы туриндустрияны талдау үшін маркетингтік зерттеулер бойынша сараптама.
Ескертпе: [3] – дерек көзі негізінде дайындалды.		

Біздің елімізде туризмнің түрлерін мысалы, альпинизм, шөл және далалық сафари, жыртқыш құстарға аңшылық құру, атпен туристік экскурсия жасау, тау өзендерінде қайықпен жүзу, ауылдық туризм, қысқы және жазғы спорт түрлерін дамытуға мүмкіндік барын айта кету керек. Тарихи объектілер шетелдік және отандық туристердің қызығушылығын туғызып отыр, ол тарихи аймақтарда сәйкес келетін инфрақұрылым ашуға мүмкіндік береді. Көптеген туристерге сақ және мұсылман дәуіріндегі Қазақстан территориясында тұратын ежелгі халықтың өмірін бақылау экзотика болып табылады.


Бүгінгі күні туристік саланың алдында тұрған көкейтесті мәселелер:

- Әкімшілік кедергілер;
- Маркетинг (Қазақстан имиджін әлемдік рынокта көтерудің жеткіліксіздігі, Қазақстанның туристік әлеуеті туралы жеткілікті көлемдегі жарнамалық ақпараттың жоқтығы);
- Туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөніндегі ішкі салалық және ведомствоаралық қызметті үйлестірудің жоқтығы;

- Кадр ресурстары (туризмнің білікті маман кадрларының жоқтығы, тілді және тарихты білетін экскурсоводтардың жетіспеушілігі);
- Рынок сегментациясы (өзінің қарымды клиентін түсінушіліктің жетіспеуі);
- Туристтік ресурстарға қол жетімділік (туристік ұйымдардың экологиялық туризмді сапалы дамытуы үшін ұлттық табиғи парктерге қол жетімділігінің жоқтығы);
- Туристің қауіпсіздігі.

Мемлекет экономикасына туризмнің қолайлы ықпал жасауы, ел экономикасын қызмет көрсету экономикасына айналдырмай, елде жан-жақты дамыған жағдайда орын алады. Басқаша айтқанда, туризмнің экономикалық тиімділігі оның елде әлеуметтік - экономикалық кешендегі басқа қалалармен өзара байланыста болуымен және олармен қатарлас дамуына тәуелді. Халықаралық туристердің келуінің белсенді және тұрақты өсуі, туризмнің даму уақытынан бастап, оның кең қолданысқа ие болғандығын көрсетеді. Туризмнің дамуы елдің экономикасына және бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуімен байланысты.

Туристік салада өзара байланыс жасаушы кәсіпорындар мен рыноктық институттар негізінде біздің ойымызша Жаңаөзен қаласында «Кендірлі» туристік кешенін дамыту қалада төмендегі салалардың дамуына септігін тигізбек (1-сурет).



Сурет 1 - «Кендірлі» туристік кластерінің үлгісі

Осы аталғандарды ескере отырып, Жаңаөзен қаласының әлеуметтік- экономикалық жағдайын сауықтыру үшін «Кендірлі» туристік курорт кешенінің негізінде аймақтық туристік кластерді құрып дамыту ұсынылады. Өңір экономикасын кластерлік жүйе арқылы дамыту – бұл өңірдегі халықтың әл – ауқатын көтеруде және жалпы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Кластер құруға мемлекет тарапынан қолдау керек, лизингтік бағдарламалар, екінші дәрежедегі банктер, қаржы институттарын қосу қажет.

Мемлекет тарапынан қалаға қолдаулар көрсету, лизингтік бағдарламаларды өңдеу және оны пайдалану, екінші дәрежедегі банктер мен қаржы институттарымен байланыс орнатып «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» ЖАҚ, Республикалық Инвестициялық қор, Бүкіл әлемдік банк қаражатын пайдалану мақсатында жұмыстар жүргізіп, бизнес жобалар жасау керек.

### **Қорытынды**

Өңірде туристік кластерді дамыту аймақтың, тұтастай республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етпек. Яғни туризмнің дамуы өңірдің жол инфрақұрылымын жақсартып, басқа салалардың дамуына ықпал тигізеді, сондай-ақ келуші туристер легі көбейген сайын, жергілікті халық жұмыс қамтылып, сауда айналымы жақсармақ.

### **Әдебиеттер:**

1. Маңғыстау облысында туристік саланы дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы
2. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату Жобасы 2004 жыл 26 қаңтар I.E. AUSTIN ASSOCIATES.INC.I.
3. Уринов Б.Х. Развитие туризма и меры государственной поддержки для развития деятельности туристических фирм // Материалы международной научно-практической конференции «Туризм в Кыргызстане». – Бишкек: БГИЭК, 2001. – Ч. 2. – С. 169-172.